

Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2003 жылғы 12 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 2168. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының 2010 жылғы 12 тамыздағы N 47 бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының 2010.08.12 N 47 бұйрығымен.

Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалауды үйымдастыруды жетілдіру мен тиімділігін жоғарылату, сот қабылдаған актілердің заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11, 18 және 30-б.б. басшылыққа алып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы ұсынылып отырган Нұсқау бекітілсін.

2. Осы бұйрық пен Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы нұсқауды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу үшін Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілері мен атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау департаменті шаралар **қа б ы л д а с ы н .**

3. Бұйрық әскери прокурорға, облыстық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорларға **жіберілсін .**

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2001 жылғы 11 желтоқсандағы N 136, 2002 жылғы 17 қазандағы N 54 бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
2-сыныпты мемлекеттік**

әділет кеңесшісі

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының

**Әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалау туралы
НҰСҚАУ**

1. Осы Нұсқау әкімшілік істер бойынша сот актілерінің заңдылығын қадағалауды тиісті ұйымдастыру және тиімді жүргізуді жүзеге асыру мақсатында қабылданған.

2. Конституциялық және заңмен қорғалатын өзге де азаматтардың құқықтары мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғауды қамтамасыз ету осы саладағы прокурорлық қадағалаудың басымдық бағыттары болып табылады.

3. Заңдылықты бұзушылықтың әр жағдайында прокурор Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" заң күші бар Жарлығында қарастырылған прокурорлық қадағалаудың барлық шараларын қабылдауға міндettі.

4. Егер бұл заңда көзделген болса, сот пен жоғары тұрған прокурор қажет деп тапқан жағдайда, мемлекеттің мұддесі мен оның қауіпсіздігіне қатысты, сыбайлас жемқорлық туралы өзі қозғаған істер бойынша, соның ішінде кәмелетке толмағандарға қатысты сайлау құқықтарына, қоғамдық тәртіп пен имандылыққа, қоғамдық қауіпсіздік пен халықтың денсаулығына қол сұғатын, сондай-ақ қоршаган ортаны қорғау, салық салу мен кедендік істер саласында құқық бұзушылықтар туралы және қамауға әкеп соқтыратын құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша прокурор сотта қатысуға міндettі.

5. Сондай-ақ қорғаушы қатысатын (Қазақстан Республикасының Экімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 589-бабына сәйкес) істер бойынша прокурордың қатысуы міндettі.

6. Прокуратура қозғаған әкімшілік өндіріс бойынша прокурордың сотта қатысуын осы іс бойынша тексеріс жүргізген бөлімше қамтамасыз етсін. Соған осы істер бойынша сот актілерінің заңдылығын тексеру мен дер кезінде наразылық келтіру міндеті жүктелсін.

7. Қаралып жатқан іс бойынша заңдылықтың дөрекі бұзылуы анықталған жағдайда сотта қатысушы прокурор тиісті ұйымға акт енгізу туралы сот алдында немесе оларды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы лауазымды адамдар алдында өтініш етуге міндettі.

8. Сот қарауына прокурордың қатысуына не қатыспаудың қарамастан сот актісі заңды күшіне енгенге дейінгі мерзім ішінде бірінші сатылы соттармен

қабылданған барлық сот актілерінің заңдылығы міндettі түрде тексерілсін және заңсыз сот актілері анықталған жағдайда оларға наразылық келтіруге шаралар қабылдансын.

9. Сот өндірісін дәлелсіз қысқартқан істер бойынша және сот жауапкершіліктің негізгі немесе қосымша шараларынан дәлелсіз босатқан адамдар бойынша дер кезінде шаралар қабылдансын. Наразылық келтіру үшін жауапкершілік прокуратура басшылығына жүктеледі.

Сот актісінің заңдылығын тексерудің нәтижесі бойынша прокуратура басшылығы бекіткен дәлелденген қорытынды құрылсын. Заңдылықтың дөрекі бұзылуы анықталған фактілер бойынша заңмен белгіленген жауапкершілікке айыптыларды жауапкершілікке тарту туралы мәселе шешілсін.

10. Заңды қүшіне енбекен сот актілерін сотта қайта қарау кезінде 2-тармақта көрсетілген істер мен наразылықтар бойынша прокурордың қатысуы қамтамасыз етілсін.

11. Облыстық прокурорлар наразылықтарды қараудың нәтижелері туралы хабарлау мен сот актісінің көшірмесін кідіріссіз жолдаумен бірге Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының наразылығын білікті қолдауды қамтамасыз етсін.

12. Әкімшілік істерді сотта қарауға тікелей қатысатын және сыйыпты шені бар прокурорлар сот мәжілісінде формалық киімде болуы тиіс.

13. Әкімшілік істер бойынша прокурорлық қадағалаудың жағдайына бірінші сатылы соттың барлық әкімшілік істер бойынша қайта қаралған сот актілерінің заңдылығын және олардың әрекеттерін өзгертусіз айыппұл санкциясының көлемін азайту жағдайларынан басқа, екінші сатылы сотпен бұзылған және өзгертілген сот актілерінің санынан есептелетін наразылық келтірудің тиімділігі есепке алынып, баға берілсін.

14. Прокуратура органдарының жұмысын бағалау критериясы деп сотта сапалы және білікті қатысуды және дәлелсіз сот актілеріне дер кезінде наразылық келтіруді қамтамасыз ету саналсын.

15. Барлық істер бойынша сот актілерінің заңдылығына прокурорлық қадағалаудың жағдайына тоқсан сайын талдау жасалсын. Осы жұмыс туралы ақпарат Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына есеп кезеңі аяқталғаннан кейін 7 күні жолдансын.

16. Облыстық, аудандық және оларға теңестірілген прокурорлар бағынышты прокурорларды ұйымдастыру-әдістемелік сипаттағы материалдармен қамтамасыз етсін, жұмыстың озық тәжірибесін таратсын. Прокуратура қызметкерлерінің іскерлік және құқықтық біліктілігін жоғарылату жөнінде оқу-әдістемелік іс-шаралар жүргісін, прокурорларды сынақтан өткізуі дағдыға айналдырысын. Бұқаралық ақпарат құралдарына белсенді қатыссын.

17. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот актілері мен атқару өндірісінің заңдылығын қадағалау департаменті осы бағыттағы жұмыстың тиімділігін арттыруға мүмкіндік жасай отырып, төмен тұрган прокуратуралардың қызметіне басшылықты және бақылауды қамтамасыз етсін. ҚР Бас прокуратурасының басқа бөлімшелерімен, ҚР Жоғарғы Сотымен, оқу және ғылыми мекемелерімен бірге өзара іс-қимылдарды жүзеге асырсын.

18. Әкімшілік жауапкершіліктен (Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексінің 692 - 695 б.б.) дипломатиялық сақтандыруға ие адамдардың істері бойынша ерекше өндіріс мәселелері жөнінде заңдылықтың қолданылуын қадағалау Халықаралық қатынастар басқармасына жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК